



Айгүл қызы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Жаңашыл педагог мінбері

Білім беретін ғылыми педагогикалық әдістемелік шығармашылық

10(01)2024 жыл



Каратаева Айжан Абдрамановна

«Аяла» санаторлық бөбекжайы" КММ-сі
«Көгершін» ортанғы топ
II-санатты тәрбиеші



Каратаева Айжан Абдрамановна
«Аяла» санаторлық бөбекжайы" КММ-сі
«Көгершін» ортанғы топ
II-санатты тәрбиеші

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

Бұл мақалада шығармашылық сөзін анықтама беріліп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарында жүргізілетін жұмыстары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырма түрлері айтылады.

Енді жалпы «шығармашылық» деген сөзге анықтама бере кетсем, менің ойымша, «Шығармашылық» деген сөздің түп төркіні, этимологияны шығару, ойлап табу дегенді білдіреді. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, яғни сол арқылы жетістікке жету деп түсінемін. Ал «шығармашылық даму» деген – жалпы тұлғаның даму көрсеткіші және адам жан дүниесін жаңғырту. Сонда түйіні шығармашылық – қайталанбайтын, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет - деп те айтуға болады. Өйткені, жаңалық әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді.

Баланың шығармашылығы деген – баланы ойлай білуге үйрету, баланың іс-әрекетіне жағдай туғызу. Яғни, мектеп жасына дейінгі баладан шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, шығармашылықпен жұмыс жасауға үйреткен дұрыс. Баланың зейінін, есін, қиялын дамыта отырып, шығармашылық іс - әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады.

Мектепке дейінгі балалардың шығармашылығын қалыптастыру қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі. Педагогтар мн тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетінің дамуын жан-жақты тереңірек қарастыру қажет деген пікірлер айтуда.

Мектеп жасына дейінгі бала психикасының қалыптасуы мен дамуы оның ересек шағымен салыстырғанда шапшаңырақ жүреді. Мектепке дейінгі кезеңдегі баланың жас ерекшеліктеріне байланысты қасиеттер оның шығармашылық қабілеті тудайды. Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту сәбилік кезеңнен басталады.

Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың мынадай шарты бар: Олар:

1. Баланың шығармашылық іс-әрекетіне жағдай жасау;
 2. Шығармашылық қабілетін дамытуды байқаған бойда қолға алу;
- Мен мектепке дейінгі мекемеде қызмет етемін. Балалармен жұмыс жасай отырып, алдыма мынадай мақсат қойдым. Мақсатым - балалардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету үшін - оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және балалардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асырамын.

Баршамызға белгілі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты оқу жүктемесіне 5 білім саласының бар. Олар: Денсаулық, Қатынас, Таным, Шығармашылық, Әлеуметтік орта. Соның ішінде Шығармашылық білім беру саласының мақсаты - мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту. Демек, шығармашылық білім беру саласында баланың шығармашылығы мен әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың көркемдік шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Мен өз тәжірибемде сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолданамын. Сурет салу әдісі балаларды қызықтыратын, еліктіретін іс- әрекет. Қоршаған орта бала өмірінде ең маңызды орын алады. Мен мектеп жасына дейінгі балалармен шығармашылық жұмыс жасау кезінде бейнелу сабағында өзін қоршаған ортамен баланыстыра бейнелеу тапсырмасын беремін. Сонда бала қоршаған ортаны байқайды, қағаз бетіне өз қиялымен бейнелеп сурет салады. Шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін оқу іс-әрекетінде салған суретіне сәйкес баланың ойын білуі мақсатында сұрақтар қоямын. Мысалы: (сен қандай сурет салдың? не салдың? Қандай түстермен боядың?) Бала шығармашыл қиялмен суретті салды, ал ойын білу кезінде қойылған сұрақ алғашында бала үндемей жауап қайтармады. Салған суретін қарағанда бұл қандай үй? Үйге ұқсамайды деп айтпаған жөн. Содан мен бұл тапсырмада бірнеше рет қайталу керектігін түсіндім. Кейін осы жұмыс түрін әрі қарай жалғастыра бердім. Әр сәрсенбі күні «табиғатқа серуен» деп атап, балалармен далаға шығып айналыны қарап, сурет салдырып отырдым. Нәтижесінде балалар сұраққа жауап бере бастады.

Сонымен қатар сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру – сабақтарында балалар

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігі



Мемлекеттік тіркеу
№ KZ64VPY00040878

СЕРТИФИКАТ

Каратаева Айжан Абдрамановна

“Жаңашыл педагог мінбері” Республикалық ғылыми-педагогикалық,
әдістемелік журналында өз тәжірибесімен бөлісіп әдістемелік материалын
жариялағанын растайды



Бас редактор:



Алтынай Абдиганиевна

Тіркеу № 0800232
Алматы қаласы, 2024 жыл

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігі



Мемлекеттік тіркеу
№ KZ64VPY00040878

ALGYS KHAT

Құрметті

Каратаева Айжан Абдрамановна

Біз сіздің білім беру саласында бала тәрбиесі мен жарқын болашағына зор ықпал етіп,
сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі ерен еңбегіңізді жоғары бағалаймыз.

“Жаңашыл педагог мінбері” Республикалық ғылыми-педагогикалық,
әдістемелік журналына өз әдістеріңізбен бөлісіп, кәсіби шеберлігіңізді таныта білгеніңіз
үшін алғыс білдіреміз!



Бас редактор:

Тіркеу № 0800231



Алтынай Абдиганиевна